



Маңғыстау Өнер Колледжі



МАНГИСТАУСКИЙ  
КОЛЛЕДЖ ИСКУССТВ

# ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫ

ҚАЗАҚ МУЗЫКА ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ

Музыка теориялық пәндер оқытушысы Темирбаева Н.Ж.

# ЫҚЫЛАС АТЫНДАҒЫ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАР МУЗЕЙІ



# ЫҚЫЛАС АТЫНДАҒЫ АСПАПТАР МУЗЕЙЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫСЫ



**Өзбегәлі Жәнібеков**



**Өзбегәлі Жәнібеков**  
республикалық халық  
музыкалық аспаптары музейі  
қызметкерлерімен бірге.

# МУЗЕЙДІҢ САЙТЫ



# Болат Сарыбаев

Сарыбаев Болат (1927-1984) – танымал отандық музыкатанушы, өнертану кандидаты.

Зерттеушінің дербес жинамасы әртүрлі халықтардың төрт жүзге таман музыкалық аспабын қамтиды, ол сондай-ақ сыбызғы, сырнай, жетіген, шертер, шаңқобыз, дабыл және басқа халықтық қазақ музыкалық аспаптары жинамасының иесі.

Ол бұл аспаптарды Ықылас атындағы қазақтың музыкалық аспаптар мұражайына тапсырған.



БОЛАТ САРЫБАЕВ  
**ҚАЗАҚТЫҢ  
МУЗЫКАЛЫҚ  
АСПАПТАРЫ**



Болат Сарыбаев  
“Қазақтың халық аспаптары”  
монографиясында табылған  
аспаптардың түрін, қатарын,  
дыбыстық берілімін, ойнау  
тәсіліне ғылыми сипаттама  
бере отырып, жіктейді.


# АСПАПТАР ЖІКТЕМЕСІ.

Басқа халықтардағы сияқты, қазақ халқының да, алуан қилы музыкалық аспаптар құрамы Б.Сарыбаевтардың ұсынған классификациясына сәйкес, негізгі үш топтан құрылады.



Жіктеудің бұл түрі – ең тұңғышы:

## ҮРЛЕП ТАРТЫЛАТЫНДАР:



- флейталық-сыбызғы, қурай-ысқырғыш, үшпелек, саз-сырнай, үскірік, тастауық, ысқырауық
- тростық-қамыс сырнай, қос-сырнай, қауырсын сырнай
- мундштуктік-мүйіз сырнай, ұран, бұғышақ, керней.

# СЫБЫЗҒЫ



Үрмелі аспаптар арасында **сыбызғы** - халық үшін ең сүйікті аспап болып табылады.

Сыбызғы шопандардың отар бағып жүрген кезде жалғыздығын жебейтін аспап ретінде, ал кешкі демалыс мезгілінде музыканттар ол арқылы ескі аңыздар-жырларды айтқан.

Сыбызғыны қуыс талдан жасаған, одан үш саңылау ойған. Сыбызғының оңай және тез жасалатынына қарамастан, ойнау жеңіл болмаған.

Сыбызғылық күйлер әдетте екідауысты болып келеді. Бір дауыс аспаптан шықса, екінші дыбыс орындаушы-музыканттың тамақты дыбысынан пайда болған.



# САЗСЫРНАЙ



Сазсырнай — саздан жасалған үрлемелі аспап.

Үні ашық, нәзік болады.

Сазсырнай Қазақстан аймағындағы Отырар қаласында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған.

Ежелде бұл аспап балалар мен жасөспірімдер арасында кеңінен таралған.

## ІШЕКТІ АСПАПТАР:

- шертіп ойналатын – жетіген, шертер, домбыра.



# ЖЕТИГЕН



**Жетіген** — шертіп ойнайтын жеті ішегі бар музыкалық аспап.

Тиектің орнына асықтарды пайдаланған.

Ертеде жетіген аспабын жыраулар жиі қолданған — оның әуені аң аулуға шыққанда немесе алыс жорыққа аттанарда сәттілік әкеледі деп сенген.

# ДОМБЫРА

Домбыра — қазақ халқының кең тараған аспаптарының бірі.

Қазақстанның аймақтарына байланысты күйлер «төкпе» және «шертпе» дәстүріне бөлінеді.

Домбыра аспабының пішіні де осы орындаушылық мектептерге байланысты жасалынады.

Домбыра күйлері — қазақ халқының ішкі жан дүниесін суреттейтін туынды.



Қияқпен /смычок/ ойналатын –

ҚЫЛҚОБЫЗ.



# ҚЫЛҚОБЫЗ



Қылқобыз — әлемдегі ысқышпен орындалатын ішекті аспаптардың атасы, қос ішекті көне музыкалық аспап.

Қобыздың екі ішегіне және ысқышына аттың құйрық жалының қылы тағылады.

Қобыз адамның денесін шымырлатып, жүректі тербейтін қоңыр қою дыбыс береді. Қобыз күйлері халықтың мұңы мен қуанышын, ішіндегі сырын айқын суреттейді.

Ерте заманда қобызда жыршылар, бақсылар, емші — балгерлер ойнаған.

## МЕМБРАНДЫЛАР:

Ұрып ойналатын – даңғыра, кепшік, дабыл, дудыға, дауылпаз, шыңдауыл.



# Сым тілшелі

шаңқобыз



# Сілкіп ойналатындар

асатаяқ, шың,  
сылдырмақты қамшы, қоңырау.





# ДАБЫЛ



Дабыл - қазақтың ұрмалы саз аспабы.

Дабылдың шанағы тал, қайың, тораңғы секілді ағаштардан дөңгелек шеңбер түрінде иіліп, оған тері қапталып жасалады.

Алып жүруге ыңғайлы болуы үшін қайыс бау немесе ағаш тұтқы бекітіледі. Дабыл арнайы қол шоқпармен ұрып ойналады.

Дабылдың екі түрлі үлгісі сақталған. Оның бірі - шеңбер аумағы 1 м 56 см-лік фольклорлық мақсатта көне аспаптар ансамблі үшін қолданылатын шағын түрі.

Екіншісі шеңбер аумағы 3 м 40 см, ені 30 см, биіқт. 1 м 50 см болып келетін үлкен жорық дабылы.

# ШАҢҚОБЫЗ



**Шаңқобыз** — темірден немесе күмістен жасалған сүйір тілшесі бар көне музыкалық аспап.

Оның сирек кездесетін бір түрі — *ағаш шаңқобыз* — ағашқа бекітілген жіпті тербеу арқылы дыбыс шығарылады.

Бұл аспап әртүрлі атпен (Варган, темір қомыз, шаңқобыз және басқалары) көптеген халықтарда, кездеседі. Ол якуттарда, тувалықтарда, хакастарда, қырғыздарда, түркмендерде, өзбектерде, қарақалпақтарда, дұнғанда, башқұрда, қалмақтарда, украиндықтарда, орыстарда және басқа халықтарда бар.

# ЕДІЛ ҚҰСАЙЫНОВ



Қазақтың музыкалық көне аспаптарын шебер меңгерген сазгер, фольклор зерттушісі.

Ол - жетіген, сыбызғы, сазсырнай, қамыс сырнай, шаңқобыз аспаптарымен қатар көмеймен ән айтудың әзірше теңдесі жоқ жалғыз шебері.

Көмеймен ән айтушы бір уақытта екі дыбыс шығарады. Бұл тәсіл түркі халықтарының өнерінде дамыған. Көмеймен ән айтудың екі түрі кездеседі — *қарғыра* (төменгі регистрде) және *сығыт* (жоғарғы регистрде).

Еділ сақтар мен ғұндар дәуірінің мәңгілік әуенін бүгінгі жаңа ғасыр музыкасымен жалғастырып, қазақ ұлттық мәдениетін әлемдік сахнада жаңғыртып жүрген талант иесі.

# КӨНЕ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРДЫ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДА КӨПТЕГЕН ҰЖЫМДАРДА КӨРІП, ЕСТУГЕ МҮМКІНДІК БАР

Туран ансамблі

Отырар сазы оркестрі

Сазген сазы фольклорлық этнографиялық ансамблі

Қарақаттың жетігеншілер студиясы

---



Маңғыстау Өнер Колледжі



МАНГИСТАУСКИЙ  
КОЛЛЕДЖ ИСКУССТВ

**ЗЕЙІН ҚОЙЫП  
ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!**